

МЕТОДОЛОГИЯ - АНАЛИЗ - ПРОГНОЗЫ - РЕКОМЕНДАЦИИ

АГРОАРЛЫҚ НАРЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

ПРОБЛЕМЫ АГРО РЫНКА



Проблемы агрорынка

ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ И НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

СОДЕРЖАНИЕ

Аграрная политика: механизм реализации

Основан в октябре 1994 г.

Учредитель -
Казахский НИИ экономики
АПК и развития сельских
территорий

Главный редактор
Г.А. КАЛИЕВ

Заместитель главного
редактора
А.Б. МОЛДАШЕВ

Редакционно-
издательский совет:
Г.У. АКИМБЕКОВА,
Ш.У. АКИМБЕКОВА,
В.В. ГРИГОРУК,
Д.С. ДЖАЙЛОВ
(Кыргызстан),
С.Т. ЖУМАШЕВА,
Г.А. НИКИТИНА,
П.М. ПЕРШУКЕВИЧ
(Россия),
А.И. САБИРОВА,
П.Т. САБЛУК
(Украина),
А.С. САЙГАНОВ
(Беларусь),
С.В. САЛАХОВ
(Азербайджан),
М.И. СИГАРЕВ,
Ж.С. СУНДЕТОВ,
И.Г. УШАЧЕВ
(Россия),
А.П. ШПАК
(Беларусь)

Г.А. Никитина Влияние интеграционных процессов в рамках ЕАЭС на развитие чувствительных отраслей агропромышленного производства Республики Казахстан	7
А.К. Шарипов, М.Т. Кантуреев Индустриально-инновационный механизм развития АПК Казахстана..	17
А.Ж. Жолмуханова, А.Ж. Койтанова Продовольственная безопасность Казахстана: состояние, проблемы, пути решения	23
Б. Бекбенбетова, Ш.У. Ниязбекова, Е.А. Исмагамбет Роль АПК в обеспечении продовольственной безопасности Республики Казахстан	30
Р.М. Тажибаева Основные направления реализации инновационной политики в агропромышленном комплексе Казахстана.....	38
Г.К. Джолдасбаева, У.С. Есайдар, К.А. Кирдасинова Развитие зерновой отрасли Республики Казахстан.....	45
А. Дарибаева, Ш. Карбетова, Н. Курманкулова Актуальные проблемы диверсификации сельского хозяйства Казахстана	54
В.В. Акимов, С.К. Макенова, О.С. Музыка Управление устойчивым развитием сельских территорий	61
М.А. Асанова, Н.К. Емелина, Н.Г. Козлова Проектное управление в регулировании экологической политики Республики Казахстан.....	66
Н.Е. Дабылтаева, Г.Р. Рахымжан «Зеленая» экономика и устойчивое развитие агропромышленного производства Казахстана.....	72
А.М. Балкибаева, Ж.С. Булхайрова, Б.К. Оразов Организация кампусов при аграрных университетах	79
Т.А. Кусаинов Влияние характеристик человеческого капитала на эффективность предпринимательства в аграрном секторе Республики Казахстан.....	86
С.С. Ыдырыс, Ж.О. Тохаева Региональные аспекты управления инновационной деятельностью в аграрной сфере	91
Г.Ж. Жумабекова, Б.С. Корабаев Повышение конкурентоспособности регионального АПК	98
А.С. Бельгибаева, Г.К. Курманова Особенности воспроизводственного процесса в аграрном секторе Акмолинской области	105
А.Р. Солтангазинов, М.А. Амирова, Л.И. Кашук Сельские регионы Павлодарской области: состояние и перспективы..	112
Ж.К. Алтайбаева, Ш.Е. Муталляпова, Р.К. Алимханова Развитие рекреационных территорий в Павлодарском регионе на основе активизации инвестиционной деятельности	121

Редакция:
И.С. ТАИПОВА
Ж.С. ОМИРГАЛИЕВА

Компьютерная верстка:
Ж.С. ДОСУМОВА

Свидетельство о
регистрации средства
массовой информации
№ 1327 от 24 мая 1994 г.

Международный
регистрационный номер
ISSN 1817 – 728X

Журнал включен в
Перечень изданий
Комитета по контролю в
сфере образования и науки
Республики Казахстан

Журнал размещается в
БД РИНЦ.
Договор № 788-12/2015
от 01.12.2015г.

Подписной индекс 76006

Письменное согласие
редакции при перепечатке,
а также ссылки при
цитировании на журнал
«Проблемы агрорынка»
обязательны.

Редакция сохраняет за
собой право использовать
опубликованные статьи в
других изданиях, в том
числе и электронных
базах данных.

Ж.Ш. Кыдырова, Т.А. Айдаров, Э.Е. Баймуханбетова Агропромышленный комплекс Туркестанской области в условиях модернизации экономики	127
Г.Г. Шинет, М.Е. Мунасипова, Г.Н. Агабекова Роль домашних хозяйств населения в продовольственном обеспечении Туркестанской области	134

Экономический механизм хозяйствования

Т.А. Вerezубова, А.М. Мухитбекова Сравнительный анализ моделей агрострахования в Беларуси и Казахстане	141
А.К. Шарипов, Э.О. Кыдырбаева, А.Е. Беделбаева, А.А. Адамов Организация внутреннего аудита в сельскохозяйственных кооперативах	149
Б.С. Мырзалиев, Э.З. Зиядинова Развитие механизма государственно-частного партнерства в сельском хозяйстве	155

Рынок продовольственной продукции

Г.У. Акимбекова, А.Б. Баймуханов, Э.О. Кыдырбаева, У.Р. Каскабаев Производство и переработка мяса и молока в Республике Казахстан...	164
--	-----

Развитие кооперации, рынок средств производства

Э.С. Алимкулова Кластерное развитие АПК как фактор обеспечения продовольственной безопасности	173
--	-----

Экономика природопользования

З.А. Бигельдиева, Г.Е. Мауленкулова, Г.К. Исаева Экономические аспекты рационального использования земельных ресурсов Казахстана	179
---	-----

Социальные проблемы села

Н.Н. Ибришев, А.Б. Молдашев, С.Т. Жумашева, И.С. Таипова Анализ качества жизнедеятельности сельского населения Республики Казахстан	186
К.К. Абуов, Н.Е. Абдильдинова Проблемы занятости в сельском хозяйстве Казахстана (на примере Акмолинской области)	193
Ч.У. Акимбекова, К.М. Мейрман Трудовой потенциал АПК Республики Казахстан и эффективность его использования	201
А.Ж. Нукешева, Г.А. Саймагамбетова, Ш.И. Косымбаева Развитие социальной инфраструктуры села	209

Слово молодым ученым

Г.Ж. Матайбаева Особенности банковского кредитования сельского хозяйства в Республике Казахстан	216
--	-----

ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҒҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІ

АГРОПРОМЫШЛЕННЫЙ КОМПЛЕКС ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ

AGROINDUSTRIAL COMPLEX OF TURKESTAN REGION
IN TERMS OF ECONOMIC MODERNIZATION

Ж.Ш. ҚЫДЫРОВА¹

э.ғ.к., доцент

Т.А. АЙДАРОВ²

э.ғ.к., доцент

Э.Е. БАЙМУХАНБЕТОВА³

э.ғ.к., доцент

¹М. Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институты

²М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

³әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ж.Ш. ҚЫДЫРОВА¹

к.э.н., доцент

Т.А. АЙДАРОВ²

к.э.н., доцент

Э.Е. БАЙМУХАНБЕТОВА³

к.э.н., доцент

¹Южно-Казakhstanский гуманитарный институт им. М. Сапарбаева

²Южно-Казakhstanский государственный университет им. М. Ауэзова

³Казakhstanский национальный университет им. аль-Фараби

Zh.Sh. KYDYROVA¹

C.E.Sc., Associated Professor

T.A. AYDAROV²

C.E.S., Associated Professor

E.E. BAYMUKHANBETOVA³

C.E.S., Associated Professor

¹M. Saparbayev South Kazakhstan Humanitarian Institute

²M. Auezov South Kazakhstan State University

³al-Farabi Kazakh National University

Аңдатпа. Түркістан облысының агроөнеркәсіптік кешенінің даму үрдісі мен серпіні зерттелген. Қазақстанның оңтүстігіндегі аграрлық секторды дамытудың негізгі мәселелері анықталған. Ауыл шаруашылығы саласын сипаттайтын көрсеткіштер талданды: өнімнің жалпы шығарылымы, өңірлік өнімнің жалпы көлеміндегі мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерінің үлесі. Оңтүстік өңірдің ауыл шаруашылығы дақылдарының, соның ішінде дәнді, көкөніс, техникалық және жем-шөп дақылдарының түсімділігінің салыстырмалы деректері қарастырылды. Мал шаруашылығының даму көрсеткіштері талданды, ет, сүт, жұмыртқа және жүн өндірісінде оң және теріс үрдістер анықталды. Зерттеу нәтижелері аграрлық сектор өндірісінің деңгейін арттырудағы ауыл шаруашылығы бірлестіктерінің рөлін бағалауға мүмкіндік берді. Шығарылатын өнімнің жалпы көлеміндегі осы нарыққа қатысушылардың құрылымы қарастырылды, олардың ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері, фермерлік шаруашылықтар, жеке қосалқы шаруашылықтар және ірі агрокорпорациялар бар. Экономикалық тиімділіктің ең жақсы көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал ететін аймақтың агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің өзара байланысы және одан әрі оңды өсу жолдары көрсетілді.

асыру, бағдарламада қойылған мақсаттарға қол жеткізу қажет.

Бағдарлама тиімді орындалған жағдайда күтілетін нәтижелерге келсек, мемлекеттік реттеудің тиімді шараларын пайдалану, АӨК бизнесін дамыту үшін қолайлы жүйелі жағдайлар жасау, қамтамасыз етуші инфрақұрылымды дамыту, секторға тартылатын орташа жылдық инвестицияларды екі есе арттыру, өнімділікті өсіру нәтижесінде бағдарламаның негізгі нысаналы индикаторларына қол жеткізіледі.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу мақсаты Қазақстандағы ірі аймақтарының бірінде аграрлық саланың ерекшеліктерін анықтау және Түркістан облысы ауыл шаруашылығының даму көрсеткіштеріне талдау жүргізу болып табылады.

Зерттеуді іске асыру барысында салыстырмалы талдау әдісі қолданылған, ол зерттелінетін саланың дамуында оң және кері тенденцияларды анықтауға мүмкіндік береді.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу бағыттары ретінде аграрлық секторда қызмет ететін субъектілер санына, өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы бойынша өсу қарқыны көрсеткіштерін бағалау, сонымен қатар ауыл шаруашылығының жеке индикаторларын салыстыруға назар аударылды.

Түркістан облысы бойынша агроөнеркәсіп кешеніндегі көрсеткіштерді талдау статистикалық деректер бойынша жүргізілді, үш жылғы көрсеткіштер талданып, пайыздық ауытқулар үлесі және олардың себептері анықталды.

Ұлттық экономикадағы нақты саланың дамуын қамтамасыз етуде, отандық өндірушілердің өнімдерін әлемдік нарықтың сұранысына сәйкестендіру бағытында атқарылатын іс-шаралардың тобына шығарылатын өнімдердің бәсекелік қабілетін қамтамасыз ету мәселесін жатқызуға болады [3].

Еліміздің табиғи, экономикалық ерекшеліктеріне сай құндылықтарды барынша тиімді, әрі ұтымды жұмсау, тек ішкі нарықта ғана емес, әлемдік нарықта да жоғары сұранысқа ие болатын халық тұтынатын тауарлар шығару, осы арқылы мемлекетіміздің беделін арттыру бүгінгі таңда қарқынды жүргізіліп үрдістердің негізін қалайды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Ауыл шаруашылық өндірісін дамыту және оның тиімділігін көтеруде өңдеуді ұйымдастырудың маңызы зор. Облыс бойынша 2017 жылдың қаңтар айының 1 жұлдызына

67,1 мың фермерлер қожалығы тіркелген, оның 89,6%-ына белсенді шаруашылықтар жатады. Шаруа қожалықтарының басым бөлігі Мақтаарал (барлық шаруашылықтың 33,0%); Сарыағаш (11,4%) аудандарында және Түркістан қ.ө. (10,6%) тіркелген [4].

2017 жылдың 1 қаңтарында белсенді шаруа (фермер) қожалықтарының 159,8 мың адам жұмыс істеді, оның 49,7%-ы Мақтаарал, 9,3%-ы Шардара аудандарының қожалықтарына тиесілі. Облыс бойынша орта есеппен бір шаруа (фермер) қожалығында үш адам жұмыс істейді.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын және мал өсіретін жерлерді қамтамасыз етіп қана қоймай, оны экспортқа шығару мүмкіндігін де иелене алады. Бұл саладағы жұмыстың негізгі рыноктық күштерді дамыту мен бәсекелестікті жетілдірудің нақты заңға сәйкес болуына және мемлекет тарапынан қолдауға негізделуі керек.

2017 жылдың қаңтар-наурызында облысты тұтас алғанда ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі, республиканың ағымдағы орташа бағасымен, 8500,4 млн теңгені құрады, бұл 2016 жылдың тиісті кезеңмен салыстырғанда 4,4% артық.


Ағымдағы жылдың үш айында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемінің 61,9%-ы мал мен құс етінің өндірісіне, 28,8%-ы сүт, 4,5%-ы жұмыртқа және 4,8% басқа да өнім өндірісіне тиесілі.

Түркістан облысы бойынша егістік алқабы 762,8 мың гектарды құрады. Ауыл шаруашылық дақылдарының егістік алқабының басым бөлігіне техникалық дақылдар (40,2%), дәнді және бұршақты дақылдар (29,7%) және жемдік дақылдар (23,4%) егілді.

Биыл облыста ауыл шаруашылық дақылдары 739,4 мың гектар алқапқа орналастырылды, бұл агро азық-түлік бағдарламасынан 14,4 мың га артық және өткен жылға деңгейден – 7,1 мың га. Ауыл шаруашылығы жалпы өнім көлемінің басым бөлігі Сарыағашта – 16,8% немесе 1425,5 млн.теңге. Сайрам-тиісінше – 14,6% немесе 1240,6 млн.теңге және Түлкібас аудандарында – 10,9% немесе 922,6 млн.теңге (1 сурет).

Барлық егілген дәнді дақылдардың ішінде арпа, бидайы 203 мың га құрайды. Оның 2,5 мың га орылымға жатпайды. Қазіргі кезде облыс тауар өндірушілері орым қызу жүргізілуде. Бүгінгі таңға орылым алқабының 51%-ы 101,7 мың гектар орылды. Орташа өнімділігі гектарына 17,4 центнер жалпы 177,4 мың тонна дән алынды (1 кесте).

Аграрная политика: механизм реализации



1 сурет – Түркістан облысы ауыл шаруашылығы өнімінің үлес салмағы

1 кесте – Түркістан облысы бойынша егін шаруашылық жағдайы

Территориялық бөліктер	Бүкіл егістік көлемі мың га		Оның ішінде					
	2016	2017	дәнді дақылдар		техникалық дақылдар		жемдік дақылдар	
			2016	2017	2016	2017	2016	2017
Облыс бойынша	731,5	740,0	32,3	31,3	30,5	37,0	29,5	24,7
Шымкент қ.	17,5	8,9	34,9	53,9	23,4	5,6	14,9	28,1
Арыс қ.ә	18,2	18,7	10,4	11,8	25,3	27,8	43,3	44,9
Кентау	2,3	2,4	21,7	20,8	17,4	16,7	1,1	12,5
Түркістан	38,7	39,2	27,9	19,6	43,9	55,1	18,3	15,8
Бәйдібек	79,3	85,7	38,8	42,2	7,9	13,5	51,6	42,4
Қазығұрт	73,3	72,3	48,7	42,6	14,7	24,2	32,3	29,3
Мақтаарал	135,2	135,0	8,2	6,5	71,8	85,1	12,8	4,1
Ордабасы	48,0	49,4	34,2	37,0	48,9	55,7	15,8	15,2
Отырар	13,3	15,8	26,3	22,2	26,5	32,0	32,5	23,3
Сайрам	75,2	77,1	42,6	39,9	12,8	13,2	39,1	38,7
Сарыағаш	45,7	49,8	36,1	32,3	28,4	31,5	11,8	11,6
Созақ	9,1	9,4	23,1	22,3	1,1	5,3	64,8	66
Төлеби	65,3	64,0	46,1	44,8	10,4	14,7	39,4	36,4
Түлкібас	60,0	61,0	53,7	56,6	8,0	18,4	35,3	22,1
Шардара	50,4	51,3	13,7	13,3	58,7	59,8	19,8	20,1

Облыс бойынша 2017 жылы техникалық дақылдар 12,0%, оның ішінде мақта – 11,8% артты. Алайда, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың егістік алқабы 2,3% картоп, көкөніс және бақша – 1,0%, жемдік дақылдар – 2,3% кеміді. 2017 жылы егілген дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың барлық егістік алқабының 93,8%, немесе 222,6% мың гектары (2016 жылы – 99,4% немесе 230,5 мың га) жиналды.

2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда облыс бойынша дәнді және

дәнді бұршақты дақылдар – 4,7%, оның ішінде бидай – 0,4%, арпа – 16,7%, дәнге арналған жүгері – 16,6%, күріш – 12,4% кем жиналды.

2017 жылдың қаңтар-наурызында облыс бойынша шаруашылықтың барлық сәттарында 37,1 мың тонна-мал мен құс еті (тірідей салмағы), 89,8 мың тонна-сүт және 42,6 млн дана-жұмыртқа өндірілді. 2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ет өндіру – 3,3%, сүт – 7,3%, жұмыртқа – 3,5% артты.

Аграрная политика: механизм реализации

Түркістан облысында мал шаруашылығы жағдайына келетін болсақ 2017 жылдың 1 шілдесіне облыста барлық шаруашылық категорияларында 62,6 мың тонна ет өндірілді немесе өткен жылғы осы

кезеңмен салыстырғанда 2,6 мың тоннаға артық, сүт – 211,8 мың тонна, 5,4 мың тоннаға артық, жұмыртқа – 98 млн. 47 мың дана, 15 млн. данаға артық (2 кесте).

2 кесте – Түркістан облысында өндірілген мал шаруашылығының өнімдері

Кезеңдер	Етке өткізілген мал мен құс (тірідей салмақпен), тонна	Сүт, тонна	Жұмыртқа, мың дана	Жүн (нақты салмақпен), тонна
2016				
Қаңтар	9415,0	24129,6	13210,1	-
Қаңтар-ақпан	22300,5	50587,3	25146,0	-
Қаңтар-наурыз	35897,4	83694,0	41173,5	-
Қаңтар-сәуір	48905,8	121930,1	59998,5	-
Қаңтар-мамыр	58196,6	1711668,0	81584,0	-
Қаңтар-маусым	66189,0	225050,9	103432,8	3475,8
Қаңтар-шілде	73086,5	273630,8	122844,1	3475,8
Қаңтар-тамыз	79651,9	317474,3	140398,8	3475,8
Қаңтар-қыркүйек	88628,3	358033,1	155170,8	4447,6
Қаңтар-қазан	98834,5	395356,3	169079,8	4457,0
Қаңтар-қараша	109762,7	425047,7	182275,4	4457,0
Қаңтар-желтоқсан	122974,4	455200,8	195759,2	4473,3
2017				
Қаңтар	10660,0		12871,4	-
Қаңтар-ақпан	24059,5	54072,8	25806,4	-
Қаңтар-наурыз	37074,5	89814,6	42608,7	-

Мүйізді ірі қара басы 66,7 мың басқа артты (12,7%), қой мен ешкі 302,8 мың бас (11,3%), жылқы 10,0 мың бас (9,0%), түйе 0,9 мың бас (7,2%) және құс 407,0 мың бас немесе 21,5 пайыз.

Қазіргі кезде асыл тұқымды жас малдарды сатуға облыс асылдандыру шаруашылықтарына 11 млн. 902 мың теңге субсидия берілді. Облыс бойынша қолда бар 188 ауылдық округтарда, оның 158 округында қолдан ұрықтандыратын пунктер жұмыс жасайды.

Шаруашылық қожалықтарының ішінде қой мен ешкі (39,6%), жылқы (41,0%) және түйе санының (32,6%) өсуі – фермерлер қожалықтарында, ірі қара мал (9,4%), оның ішінде сиыр (3,6%) – жұртшылық шаруашылықтарында, ал шошқа (59,2%) және құс санының (16,9%) өсуі ауыл шаруашылық кәсіпорындарында байқалды [5].

Мал басымен негізгі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру тұрғындардың жеке қосалқы шаруашылықтары есебінен өсті (3 кесте).

3 кесте – Түркістан облысында мал шаруашылығының жағдайы

Мал түрлері	Шаруашылықтың барлық санаттары бойынша		Соның ішінде					
			ауыл шаруашылық кәсіпорындары		фермерлер		жұртшылық шаруашылық	
	2016ж.	2016ж. 2015ж. сәйкестігі, %	2016ж.	2016ж. 2015ж. сәйкестігі, %	2016ж.	2016ж. 2015ж. сәйкестігі, %	2016ж.	2016ж. 2015ж. сәйкестігі, %
Мүйізді ірі қара, соның ішінде	509957	114,2	4983	87,5	3372	87,8	501,602	114,8
Сиыр	240560	107,4	1775	94,2	1545	91,3	237,240	107,7
Қой мен ешкі	2660625	113,5	99309	97,4	96934	142,7	2464382	113,3
Жылқы	102123	110,1	1721	85,0	1058	86,0	99344	111,0
Түйе	12671	107,7	1393	127,1	833	102,6	10445	97,1
Шошқа	27450	98,8	716	2,5	93	1,9	26641	97,1
Құс	1658659	126,4	384592	126,4	5012	68,6	1269055	126,9


Аграрная политика: механизм реализации

2017 жылдың қаңтар-наурызында 2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, облыс шаруашылығының барлық санаттарында алынған бұзау саны - 8,3% артып, 117,0 мыңды, қозы мен лақ тиісінше - 8,4% және 858,6 мың, құлын - 9,6% және 12,2 мың басты, ал бота саны 1,1% кеміп, 1,6 мың және торай саны өткен жылдың көлемінде қалып, 13,3 мың басты құрады. Ал, шаруашылықтың барлық санаттарындағы алынған төлді әр 100 аналыққа шаққанда 35 бұзаудан, қозы мен лақ – 54, құлын - 24, бота - 23 және 332 торайдан келеді.

2017 жылдың 1 сәуірінде 2016 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда облыс ша-

руашылығының барлық санаттарындағы ірі мүйізді қара малдың саны 91%-ға артып, 620,6 мың басты құрады, соның ішінде сиыр-тиісінше-3,5% және 260,3 мың, қой мен ешкі – 10,7% және 3247,6 мың, жылқы – 4,1% және 114,8 мың, түйе – 5,5% және 14,4 мың, құс саны – 7,3% және 1887,2 мың басты құрады, ал шошқа саны – 6,7%-ға кеміп, 30,6 мың басты құрады.

2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда жалпы облыс бойынша ет өндіру – 7,5 %-ға, сүт – 6,2%, жұмыртқа 4,3%-ға, қой жүні – 11,1%- ға артты (2 сурет).



2 сурет – Түркістан облысында өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру көлемі

2017 жылдың сәуір айының 1 жұлдызына облыстың ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы құнарландырылған мал азығы – 4,3 мың тонна (2016 жылдың осы кезеңіне қарағанда 119,6 %), сүрлем – тиісінше-0,1 мың (11,6%), табиғи шабындықтардан және себілген шөптерден алынған шөп – 2,7 мың (49,1%), пішендеме – 1,9 мың (47,9%), қыстық және жаздық сабан – 0,5 мың тонна (82,9%) құрады. Мал азықтары бірліктеріне аударылып есептелінген барлық мал азығы – 6,6 мың тонна болды. Шартты ірі қара малға есептегендегі орташа бір асқа мал азығы 2,5 центнерден келеді [6].

Облыста шағын кәсіпкерліктің белсенділігін арттыру жұмыстары екі қаржы көзін пайдаланумен жүргізілуде: а) бюджет және банкілердің қаржыларына несиелендіру; ә) демеушілердің көмегі мен халықаралық ұйымдарының гранттары.

Инновациялық жобаларды өндіру, шағын кәсіпкерлікке қаржылық және консультативтік көмекті халықаралық ұйымдар іске асыруда. Облыста БҰҰДБ, ЮНЕСКО, МАШАВ, ЮСАИД; Евразия қоры, Жаһандық экологиялық қор, Халықаралық бизнестің

жоғарғы мектебі, АҚШ-тың елшілігінің SABIT бағдарламасы және басқа жобалар жүзеге асырылуда.

Тұжырымдар.

1. Аграрлық сектор қай кезден де күрделі сала болып табылады. Ел реформасын жаңғыртудағы аграрлық саланың реформалары әрдайым қиындықпен келеді. Дегенмен, осы саланы сипаттайтын көрсеткіштер соңғы жылдары жоғарылап келеді және тұрақтылықты байқатады.

2. Реформалардың негізгі мақсаты, жалпы экономикадағы сияқты, отандық өндірістің тиімділігін көтеру, оның көлемін өсіру, өнім сапасын жақсарту және өзіндік құнын әлемдік рыноктағы бәсекелестік дәрежесіне дейін төмендету. Осыған орай агроөнеркәсіп кешенінің алдында көптеген міндеттер тұр.

3. Бүгінгі күнде ауыл шаруашылығының болашағы фермерлердің қолында екендігі белгілі және олар барынша ірі әрі материалды-техникалық ресурсы мықты, бәсекеге жарайтын өнім шығаратын фермерлер болуы керек.

4. Түркістан облысының агроөнеркәсіп кешені еліміздің ауыл шаруашылығы сала-

сының ірі және күрделі бөлігі болып есептеледі және оның даму тенденциялары болашақта экономиканың өсу қарқынына әсерін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Сейдахметов А. Агробизнесінің экономикалық негіздері. - Алматы: Экономика, 2011. - 62 б.

2 Сабден О.С. Конкурентоспособность национальной экономики: критерии оценки и пути повышения. - Алматы: Экономика, 2011. - 392 с.

3 Оценка конкурентоспособности регионов // Аналитическая работа по заказу Комитета статистики Республики Казахстан. - Астана, 2014. - 106 с.

4 «ҚР-да агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2015-2020 жылдарға арналған бағдарламасы». ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы №1052 қаулысы. - Астана, 2012. - 45 б.

5 Балтабаева А.М. Қазақстан Республикасының аграрлық секторының аймақтық дамуы // Аграрлық нарық проблемалары. -2017. -№3. -Б.125-130.

6 Қазақстан өңірлерінің цифрлары. 2016 жылғы қаңтар-желтоқсан. ОҚО статистика департаменті.-Шымкент, 2017. - 64 б.

7 Официальный сайт Управления статистики Южно-Казахстанской области: www.ontustik.stat.kz

8 Оңтүстік Қазақстан облысындағы өсімдік шаруашылығының дамуы. Сараптамалық баяндама. 2016 жылғы 30 қыркүйек. - Шымкент, 2016. - 36 б.

9 Рахимбеков Т.С., Исаков Б.М. Ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру // Аграрлық нарық проблемалары. - 2017. - №2. - Б.7-11.

10 Джангарашева Н.В. Зарубежный опыт развития маркетинга в АПК// Проблемы агро-рынка. - Алматы, 2010. - №1. - 27-34 с.

Әдебиеттер тізімі

1 Sejdahmetov A. Agrobiznesin jekonomikalıq negizderi. - Алматы: Jekonomika, 2011. - 62 b.

2 Sabden O.S. Konkurentosposobnost' nacional'noj jekonomiki: kriterii ocenki i puti povyshenija. -Almaty: Jekonomika, 2011. - 392 s.

3 Ocenka konkurentosposobnosti regionov //Analiticheskaja rabota po zakazu Komiteta statistiki Respubliki Kazahstan. -Astana, 2014. - 106 s.

4 «ҚР-да агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2015-2020 жылдарға арналған бағдарламасы». ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы №1052 қаулысы.- Астана, 2012.- 45 б.

5 Baltabaeva A.M. Қазақстан Respublikasynıń agrarlıq sektorınyń aймақтық damuy // Agrarlıq narıq problemalary. -2017. -№3. - B.125-130.

6 Қазақстан өңірлерінің цифрлары. 2016 жылғы қаңтар-згейтоқсан. ОҚО статистика департаменті.-Shymkent, 2017. - 64 b.

7 Oficial'nyj sajt Upravlenija statistiki Juzhno-Kazahstanskoj oblasti: www.ontustik.stat.kz

8 Оңтүстік Қазақстан облысындағы өсімдік шаруашылығының дамуы. Сараптамалық баяндама. 2016 жылғы 30 қыркүйек. - Shymkent, 2016. - 36 б.

9 Rahimbekov T.S., Isakov B.M. Ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру //Аграрлық нарық problemalary. -2017. - №2. -B.7-11.

10 Dzhangarasheva N.V. Zarubezhnyj opyt razvitija marketinga v APK// Problemy agrorynka. - Almaty, 2010. - №1. - 27-34 s.